

13.06.2024 ж № E00065

**Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық
қабілеттерін арттыру жолдары**

ИСМАИЛОВА ДАНА СЫРЛИБЕКОВНА
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Жамбыл ауылы
«Жамбыл ауылындағы №2 орта мектебі» КММ
Бастауыш сынып мұғалімі

Қазіргі заман ағымына, өмір талабына сай егеменді еліміздің болашағы, тірегі – бүгінгі ұрпақ. Қай елдің болмасын ерекшелігін, сол мемлекеттің ғылым-білімінің, мәдениетінің дамуы – халықтың өзгешілігін таныту үшін маңызды. Мектепте болашақ ұрпақ қандай білім алып, тәрбиеленсе, еліміздің болашағы сондай болмақ. Бұл тұрғыда мектептің негізгі міндеттері баланың жеке басының алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, оның қабілеттерін ашып дамыту, оқуға деген ықыласын, іскерлігін қалыптастыра отырып шығармашылықтарын дамыту.

Тәуелсіз мемлекетімізге терең білімді, ізденімпаз өз бетімен шешім қабылдай алатын, барлық іс - әрекеттерінде шығармашылық бағыт ұстанатын жеке тұлға қажет. Демек, мектептегі оқу үрдісі оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуы қажет.

Өздігінен білім алу қабілеттерін дамыту үшін сабақтарда проблемалық сұрақтар қойып, өздік жұмыс түрлерін ұйымдастыру қажет. Өздік жұмыс арқылы оқушыларда мынадай қасиеттер қалыптасады.

1. *Өз бетінше ойлану біліктері мен ізденімпаздығы.*
2. *Оқуға деген қабілетінің артуы.*
3. *Басқа оқушылардың жауабына сын көзбен қарау.*
4. *Өз ойының дербестігі.*

Білім, икемділік, дағды тек өзіндік жұмыстың нәтижесінде қалыптасады. Өздігінен жұмыс істегенде оқушы өз қабілетін, мүмкіндігін біліп еңбегіне қанағаттанады. Еңбектену барысында ой - өрісі, сезімдері тереңдейді, шыдамды, еңбексүйгіш болуға үйренеді.

Психологтардың пікірінше, бұл құбылыс ойлау ерекшелігіне байланысты пайда болған. Оқушыларға проблемалы міндет қойып, соны өздеріне шешкізу керек.

Білім негізі бастауышта қаланады. Ендеше, бастауыш сыныптардан бастап, өз бетінше жұмыс істей білуге дағдыландыру қажет. Өз бетінше жұмыстың негізгі ерекшелігі - оқушының көмегінсіз орындауы. Егер тапсырманы орындауда қателер жіберілсе, онда мұғалім сол қателерді оқушылардың өздеріне жөндеуіне мүмкіндік беріп, оқушының іс - әрекетін дұрыс жолға бағыттағаны жөн.

Балалардың жалпы психикалық дамуы оқу мен оның өздігінен оқуына тығыз байланысты. Психология ғылымында өздігінен білім алу, оқушылардың ақыл - ойының дамуының жоғарғы көрсеткіші деп қарастырылады. Өзіндік жұмыстың негізгі міндеттері:

1. Оқушыларды дербестікке үйрету.
2. Оқушылардың алған білімі саналы әрі берік болады.
3. Оқуға қажет біліктер мен дағдылар қалыптасады.
4. Оқушылардың таным, ақыл ой қабілеттері дамиды.
5. Оқу ынтасын арттырады.

Өз бетімен жұмыс істеу қабілеті, тәсілдері адамның санасында ертерек оянып қалыптасса, соғұрлым оның жүйелі шығармашылық еңбек етуіне мол жағдай туады.

Өзіндік жұмыстың мынадай түрлерін жүргізуге болады:

Сөзжұмбақ құрау, шешу

Бір тақырыпқа пікірталас тудыру. Қыс тақырыбын өткенде сынып оқушыларын екі топқа бөліп, бір топқа қыс мезгілінің жақсы жақтарын, екінші топқа жаман жақтарын айтқызып пікірталас тудыру керек.

- Шағын әңгіме, мәтін құрау.
- Әңгімелерді бөліктерге бөлу, ат қойғызу.
- Ұнатқан кейіпкерге мінездеме беру.
- Саяхаттан алған әсерлері бойынша шығарма жаздыру.
- Газет журналдары оқу үрдісінде үнемі пайдалану.
- Ауыз әдебиеті түрлерін кеңінен пайдалану.
- Ертегі құрастыру.
- Тірек сызбалар сыздыру.
- Тест тапсырмаларын орындау.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Атыманова Қ. Ж. «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары мен іс-әрекет бағыттары». // Қазақстан мектебі №10, 2007-31 б.

2. Давыдов В. «Бастауыш сынып оқушысының психологиялық дамуы», «Балаңыз мектепке дайын ба?», «Мектептегі психологиялық диагностика әдістемесінен», «12 жылдық білім беру бағдарламасы әдістемелерінен» тест тапсырмалар мен жаттығулар.

3. Қойшыбаев Е. «Жеке тұлғаның руханилығын дамыту» // Қазақстан мектебі, №8, 1963. Б. 90-91 б.

13.06.2024 ж №E00066

Зорлық-зомбылықтың алдын –алу мәселелері

ЕРЕЖЕПОВА ЖИБЕК ШАКИРОВНА

**Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы
«№1 облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ
Педагог- психолог**

Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы зорлық –зомбылықты мәселесін түсінуіне,өз-өзіне баға беруге тәрбиелеу,сенімді мінез –құлықты дамыту.
«Салауатты өмір салтын ұстану –адамгершілік ұстанымы мен рух дамуының кепілі»

Бүгінгі мәселе жеткіншекке зорлық көрсетілсе, немесе оның өзі зорлық жасаса не істеу керектігі туралы кеңестерді қарастырамыз, қай жерде және қандай көмек түрін алуға болады.

Балаларға қатысты қатал көзқарас, қарым – қатынас және олардың қызығушылықтарын кемісудің түрлері мен формалары болып табылады: *баланың денсаулығы, дамуы және әлеуметтенуі үшін ауыр зардап тигізеді. Жастар арасындағы кездесетін зорлық –зомбылық біздің қоғамымыздың орасан зор мәселесі, кейде оны анықтау қиынға соғады. Кейбір зерттелерге сүйенсек, әрбір 5 –ші жеткіншек өзіне қарасты зорлықты бастан кешірген, зорлыққа ұшырағандардың орташа жасы -15 жас, жәбірленушілердің көбісі –қыздар, 4 –ші қыздың ары аяққа тапталған. Зорлықтың санаттарын, формаларын анықтауға болады.

Физикалық зорлық: Сокқылар, түрткілер, шымшулар, тепкілер, ұрулар, заттарды лақтыру, қабырғаға соғу, біреуге зиян тигізу қаупі, адамның жеке меншігін бұзу, оның отбасына қауіп төндіру.

Сексуалдық зорлық: сексуалдық қатынастарға көндіру, сексуалдық объект ретінде қабылдау, зорлау, қалаусыз сексуалдық қол тигізу, арнайы ескерту, сексуалдық мақсатпен соңынан куу.

Имандылық эмоциялылық, ақыл –ой зорлығы: бірнәрсемен айыптау, өзін әрқашан дұрыс деп есептеу, «шындықты» мойындау және басқа адамның әрқашанда дұрыс емес екендігіне сену. Қысым көрсету, бәрін аударыстыру, келеке қылу, өсек тарату, барлық нәрседе бақылау, бұйрық беру, екі адам үшін шешім қабылдау, үнемі сынау. Басқа адамның пікірін сыйламау, қызға қатысты дискриминация. Біреуді қорқыныш сезімде ұстау, көңілге тиетін лақап атпен атау, ұрысу, қорлау, елемеу, айғалау, дауыс көтеру.

Кімді жиі ренжітеді? Осындай басшылардың қысым көрсетуінің объектісі жиі кім болады? Кішілер, әлсіздер, бір нәрсесімен басқаларынан ерекшеленеді. Бұл айырмашылық қандай болуы мүмкін?

Сыртқы келбеті, киімі, физикалық кемшіліктері, көзілдірік кию, стандартты емес, дене мүсіні ..т.с.

Сіздің ойыңызша, неге біреу басқа адамға қатысты зорлық көрсетеді мазақ етеді, күледі. Жәбірлеуші маңызды болуға тырысады.

Жаттығу: «Өзін тану»

Мақсаты: Өзімізді, басқаларды танып білу, бойымыздағы жаман қасиеттерді жойып, жақсы қасиеттерді асыру.

Парақтың оң жағына «жақсы», сол жағына «жаман» қасиеттеріңізді тізіп жазыңыз.

1. Қандай қасиеттерді көп жаздыңыз?
2. Қайсысын өзіңіз көбірек таптыңыз?
3. Осыған дейін осы жайлы ойланып көрдіңіз бе?
4. Бұдан былай жиі есіңізге түсіріп отырасыз ба?

«Миза шабуыл»

«Қазіргі жасөспірімнің бейнесін жасау»

Балаларға қазіргі жасөспірімнің бейнесін құру ұсынылады. Негізгі мінез – құлық қырларын, қызығушылығын, киімде, музыкада, спортта қолданатын үлгісін, бағыттарын атап көрсету керек. Жағымсыз жақтарын да көрсетуі тиіс. Ватман қағазда қатысушылардың ұсыныстары жазылады.

Жаттығу: «Мен саған сенемін»

Барысы: Екі – екіден жұпқа бөлініңіздер. Бір – біріңізге қарама – қарсы отырыңыздар. Шамалы уақыт бір – біріңіздің көздеріңізге қарап, үндемей отырыңыз. Күнделікті жасап жүрген істеріңіз емес, бұл өте қиын, бірақ сіздер бір – біріңізді танысыздар.

Енді рет – ретіңбен мынадай сөздерді аяқтайсыздар. Мысалы: «Мен сенімдімін, сіз алдағы уақытта өз ісіңіздің шебері боласыз, «Мен сенемін маған алдағы уақытта көмек керек болса, сіз маған көмектесесіз», «Мен сенемін сен ешқашан мен туралы жаман ештеңе айтпайсың» т.б

Бір – бірлеріңізге бір – бірден жылы сөз айтып шығасыздар.

Ата - аналарға кеңес

Сақтануды отбасынан бастаған жөн. Әр баланың бір нәрсеге деген қызығушылығы бойында жасырын жатады.

1. Баланың бос уақытын дұрыс ұйымдастыру.
2. Баланы мектептен мектепке ауыстырғанда, балаға қолайсыздық туғызбайтын жағын қарастыру.
3. Ата – ана өз ісімен үлгі болу, ертіп жүріп пайдалы еңбекке, өнерге баулу.
4. Қызығушылығын спортқа, музыка тәрізді өнерге үйренуге бұру.
5. Ашу – ызаңыздың бәрін баладан алмаңыз, қаталдық пен қатыгездіктің аражігін дұрыс түсіне де, айыра білгеніңіз абзал.
6. Жиі өз балаңызбен сырласып, жүрегінің үнін тыңдау.

13.06.2024 ж № E00067

**Мектеп- интернат оқушылар арасындағы құқықтық
сауаттылық, зорлық- зомбылық, күш көрсетудің алдын- алу**

КАСЫМБАЕВ КУАТ АЙДАРОВИЧ
Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Есік қаласы
«№1 облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ
Директордың тәрбие ісі жөніндегі меңгерушісі

Әрбір адамның өмірде толыққанды тұлға болып қалыптасуында құқықтық тәрбиенің алар орны ерекше. Тәрбиенің сан қырын қарастырсақ та құқықтық тәрбие, құқықтық сауаттылық көш ілгері болмақ. Қазіргі қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі — балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу. Бұл мәселе бүгінде көкейтесті мәселелердің біріне айналып отыр. Өрімдей жастардың қылмыс жасауы көз үйренген көрініске айналып, елді елең қылуда. Тәртібі қиын бала есейген сайын қылмыстың ауыр түрлерін жасауға бейімі арта беретінін ескерсек, бұл аса өткір мәселе екенін мойындауға мәжбүрміз.

Жасөспірімдердің қылмыс жасауының себептерін қарастырар болсақ, ол кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарында немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады. «Ел болам десең — бесігіңді түзе» деп дана халқымыз айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізер еді.

Жалпы құқық тәртібін бұзуға бейім балалар, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шыққан.

Жасөспірімдердің қылмысқа баруының жолдарын қарастырар болсақ — бала жүрегіне қатігездікті дарытуға себеп болатын адамды қинау мен азаптап өлтірудің эпизодтарын қамтитын компьютерлік ойындар мен мультфильмдер. Онымен қоса сан ғасырдан бері дертке айналған арақ-шарап, есірткі, темекі, түнгі ойынханалар, маскүнемдікке салынған ата-ана, толық емес отбасы тағы да бар.

Отбасында толассыз ұрыс-керістен көз ашпаған жасөспірімдер қылмысқа жақын болып келеді. Олар ата-ана қамқорлығынсыз қалады.

Отбасында балаға дер кезінде қадағалау болып, ата-ана мен бала арасында сенімділік, достық сынды адами құндылықтар орнаса бала қылмыстық істерге бармасы анық.

Отбасында жасөспірімдердің қылмысқа бармауын қадағалау жұмыстары басым болуы керек. Қадағалаудың екі түрі бар. Біріншісі: **тікелей қадағалау** – бұл сыртқы болып табылады, бұған шектеулер мен жазалаулар жатады. Тек шектеулер мен жазалаудың ар жігін ажыратып, саналы түрде қолдану керек.

Екіншісі түрі – **көмекші қадағалау**. Бұл сыйластық және махаббат. Жасөспірімдер ата-ана мен айналасындағы басқа адамдардың осы сезімдерін жақсы сезінеді. Сол себепті отбасында баланы тек материалдық байлыққа ғана емес, рухани байлыққа бөлеп өсірсек біздің ұрпақ қылмысқа бармайды.

Жас жеткіншектердің қылмысқа бой ұру мәселесі тек құқық қорғау органдарының ғана емес, ата-ананың, мектеп, арнаулы оқу орындары мен басқа да мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың қадағалауын талап етеді. Себебі психолог мамандардың зерттеуіне сенсек, жас баланың саналы азамат болып қалыптасуында оның жанұяда, мектеп қабырғасында, көшеде көргендері ерекше орын алады. Ал сабақтан тыс уақыттарда, каникул кездерінде демалыс маусымдарының дұрыс ұйымдастырылмауы, көшедегі келеңсіз оқиғалардың көптігі жасөспірімдердің қылмыс жасауына әкеп соқтыруы анық.

Қазақстанда заң бойынша кәмелетке толмаған жасөспірімдерге түнгі сағат 22.00-ден кейін компьютерлік клубтарда отыруға және түнгі сағат 23.00-ден кейін көшеде ата-анасыз жүруге тыйым салынған.

Елімізде кәмелетке толмаған құқықбұзушылардың ісімен шұғылданатын комиссия құрылған. Оған айтарлықтай арнайы өкілеттіліктер берілген. Егер ата-ана баласының тәрбиесіне қарамаса, комиссия оларды ата-ана құқынан да айыра алады.

Келешек ұрпақтың осындай құқыққа қайшы әрекеттер жасауға жол бермеу үшін жасөспірімдер мен ата-аналар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру керек. Осы орайда арнайы жүйелі құрылған жоспарлар бойынша әрбір жеткіншекке, әрбір ата-анаға:

— Қазақстан Республикасының 13.08.2002 жылғы «Бала құқықтары туралы» Заңы,

— Салауатты өмір салтын құқықтық қорғау үшін Қазақстан Республикасының «Шылым шегуге қарсы күрес туралы», «ЖИТС аурының алдын алу туралы», «Алкогольге қарсы күрес туралы» Заңы,

-Қазақстан Республикасының Әкімшілік, Азаматтық қылмыс- тық кодекстері: кәмелетке толмағандардың құқық бұзу- шылықтары туралы.

-Қазақстан Республикасының «Отбасындағы неке туралы» Заңдары бойынша арнайы түсіндірме жұмыстары жасалынып, құқықтық жалпы оқыту қоғамдық пән мұғалімдерінің жетекшілігімен ақпараттық-насихаттық лекторлық топтарымен сауаттылықтарын арттыру керек. Сонымен бірге отбасында баланы қалай тәрбиелеу керек, қазіргі қоғамдағы балаға ең қажетті не нәрсе екендігін айқын көрсететін бағдарламалар жасалынып, клубтар жұмыс жасаса өз жемісін берері белгілі.

Интернет билеген заманда түрлі жағымды-жағымсыз жаңалықтар айналамызды қоршағанда әркім өзіне керегін таңдап алуы керек. Бірақ жасөспірімдер бұл жағын ескермесі белгілі, сол себепті баламыз ғаламторда отырғанда да қандай да болмасын әлеуметтік желіні пайдалануда да бақылау болуы керек. Қазіргі техниканың дамыған шағында қылмыстық істердің орын алатын жері мен себебі осы ғаламтор болып отыр. Қоғамға қауіп төндіріп тұрған дінімізге қайшы жат ағымдар да осы әлеуметтік желі арқылы жымысқы ойларын іске асырып, оған жасөспірімдерді де араластырып жатыр. Сол себепті әрбір ата-ана балаға белгілі бір шектеу қойып, бақылау жасап отырса бала әлеуметтік желінің тек пайдалы тұсын тұтынары анық.

Бұндай жұмыстар отбасында баланы рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеуге, мінез-құлық этикаларын қалыптастыруға, жасөспірімдердің дұрыс жан-жақты тәрбие алып өсуіне көмектесері анық.

Жасөспірімдер тәртібіне қатысты назарда тыс қалып келе жатқан тағы бір мәселе – колледждерде білім алушы жастардың жайы. Көптеген оқушылар 9-сыныпты аяқтаған соң, білімдерін колледждерде жалғастыратыны белгілі. Демек, ондағы оқушылар да кәмелетке толмағандардың қатарына жатады.

Бас бостандығынан айрылғандар қатарында кәмелеттік жасқа толмағандардың көбеюі біздің қоғамды алаңдатпауы мүмкін емес. Қылмыстық жауапкершілікке қылмысты жасау кезінде жасы 16-ға толған азаматтар тартылатындығы белгілі.

Алайда, адам өлтіргені, қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, ауырлататын мән-жайларда денсаулыққа қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу, ауырлататын мән-жайларда көлікті айдап кету, терроризм, адамды кепілге алу, қаруды ұрлау немесе жарылғыш заттар мен басқа да құрылғылар, ауырлатылған мән-жайларда бұзақылық, тағылық, есірткі заттары мен психотроптық заттарды ұрлау немесе қорқытып алу, ауырлатылған мән-жайларда мәйітті немесе олардың көмілген жерлерін қорлау, көлік құралын немесе теміржолдарын қасақана жарамсыздық жағдайға келтіргені үшін тұлғалар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Құқық қызметкерлерінің мәлімдемелеріне назар аударар болсақ кәмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, тонау секілді қылмыстар жасайды. Сонғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы телефондарды ұрлау жиі орын алуда. Мұндай қылмыстық істер бойынша жәбірленушілер құқық бұзушылардан жасы кіші, әлсіздеу, кәмелеттік жасқа толмағандар болып табылады.

Ендеше келешек ғұмырымызды жалғастырар ұрпағымыздың тәрбиесімен осы кезден бастап айналысып, жасөспірімдеріміздің болашағына дұрыс бағдар беріп рухани жан-дүниесін байытып, «елім, жұртым» — деп тұратын азамат етіп өсірейік.

№ F00071 26.06.2024 ж

Аспаптар.

МУХТАРОВА НАЗГУЛ КАЗАКЕШОВНА

Атырау қаласы «Жалпы білім беретін Алмалы орта мектебі»

Музыка пәні мұғалімі

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру бөлімі : Шығармашылық **Күні:** 2.02.2024

Білім көздері: Музыка.

Тақырыбы: Аспаптар.

Мақсаты: түрлі аспаптарда ойналған шығармаларды тыңдау арқылы, оны қабылдау, есте сақтау, ажырата білуге үйрету. Ұлттық музыкаға, өнерге деген сүйіспеншілік, қызығушылық қалыптастыру.

Іс - әрекет кезеңдері	Педагогтың іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ынталандыру. Сезімді ояту	Балалар музыка залына марш екпінімен кіреді. Амандасу. Шеңберде марш екпінмен қимылды қозғалыс жасату. Сәлеметсіздер ме балалар? Балалар, біздер музыкалық оқу іс-әрекетімізді бастамас бұрын тыныс жаттығуын жасап алайық. Мұрынмен дем алып, сол демді үнемді түрде қолымыздағы шапалақтау арқылы сыртқа шығарамыз.	Балалар музыка залына марш екпінімен музыканы тыңдай отыра кіреді. Музыка әуені арқылы Жетекшімен, қонақтармен амандасты Сәлеметсізбе апай! Тыныс алу жаттығуларын жасау.
Ізденістер. Ұйымдастырушы	Музыка тыңдау: Н.Тілендиев «Аққу» күйі Ата-бабамыз өте ерте кездің өзінде-ақ музыкалық аспаптардың мынадай топтарын ойлап тапқан: • Шертпе аспаптар – домбыра, жетіген, адырна. • ыспалы аспаптар – қобыз, сазген, с	Балалар ноталарды түстерімен орналастырады . Балалар шеңберде отырады. Музыкалық ырғақтарды аспаптардың көмегімен ойнап

	• Үрмелі аспаптар – сыбызғы, сазсырнай, уілдек. • Үрмалы аспаптар – дабыл, даңғыра, шыңдауыл, дауылпаз, керней. Нота туралы мағлұматтар беру. Бірнеше аспапта шығарма тыңдау. • Балалар, музыка тыңдағанда естеріңе не түсті? • Сендер басқа қандай ұлттық аспаптарды білесіңдер? • Аспаптар қандай топқа бөлінеді? Ән айту. «Домбырасыз ән қайда». Ән айтар алдындағы дауыс жаттығуларын орындату. Жұмбақтарды шешу арқылы ырғақты қимыл әрекеттерін үйрену	көрсетеді. Әр түрлі ойындар арқылы ноталар дыбысын, түстерін нота сызықтарына орналастыруға үйренеді. Ойын шарты бойынша түсініп ойнайды.
Қорытындылау. Өзін-өзі бағалау	Балалардан сұрақ-жауап арқылы аспаптардың атын пысықтау, топқа қысқаша қорытынды. Балалардықолдау, мадақтау Жарайсындар балалар! Сендерге бүгінгі ұйымдасқан оқу қызметіміз ұнады ма? Мен сендерге көңілді ноталар бейнеленген тәттілер таратамын. Осы ноталар арқылы қонақтарға көңіл күйімізді көрсетейікші. "Көңілді ноталар" әнімен залдан шығып кету	Сұрақтарға жауап береді. Балалар өз ойларын еркін жеткізу.

Біледі: түрлі аспаптарда ойналған шығармаларды тыңдауды.

Игереді: домбырада ойнауды, есте сақтауды, дауысын ажырата білуді.

Меңгереді: ұлттық музыкаға, өнерге деген сүйіспеншілік, қызығушылықты.

МАЗМҰНЫ

- ИСМАИЛОВА ДАНА СЫРЛИБЕКОВНА
- ЕРЕЖЕПОВА ЖИБЕК ШАКИРОВНА
- КАСЫМБАЕВ КУАТ АЙДАРОВИЧ
- МУХТАРОВА НАЗГУЛ КАЗАКЕШОВНА